



*Архаикалық мәдениет.*

*Діннің алғашқы  
формалары*

АТ 18-7

Рысбекова

Гаухар

The background features a soft gradient from light yellow to light pink. On the left side, there is a vertical column of small, colorful autumn leaves in shades of red, orange, and yellow. At the bottom left, there is a larger, detailed illustration of several autumn leaves in similar colors. Scattered across the bottom right area are more small, colorful autumn leaves.



# *Мақсаты*

*Діни сауаттылықтарын  
қалыптастырып, тұжырымдау  
дағдыларын дамыту, жүйелі ойлау  
қабілеттерін жетілдіру.*

*Діннің көне түрлері олардың пайда  
болуы, дамуы және қазіргі  
көріністерін қарастыру.*

*Фетишизм – табиғи заттарға  
табыну.*





31.

27.

28.

30.



26.

29.

32.

33.

34.

23 а, 23 б. Бронзовые амбидатные фбулы из Крайны (Гальштатский период). 24, 25. Бронзовые браслеты из овалыных открыток обруч с концами шилами, эпохи саинских построк. 26. У, современно индийца племена каро (палеон из уха и нижней губы). 27. Ожерелье из человеческой палочкой, у шаманов индийского племени аплаков. 28. У, панасия (из 31. Померанце с ожерелье из индийских из дуба пластиче раковин). 29. У, на Соломоновых о-вах; ожерелье и браслеты из раковин раковин (палочек), жемчуга, перламутра и пр. 30. Индуси с У, в краяхе жеса и кожей губ и с обручания У, (Кларфшмак) на руках, ногах, пальцах рук и жеса. 31. Собранные У, на жесах танго (Перенна Индия). 32. У, индийский (Цейлон). 34. Древнее гречанка; известно при полнее отсутстви специальных У.

*Магия – белгілі бір сиқырлықтың барысында болжау қабілетінің көмегімен табиғи заттар мен құбылыстарға қоғамдық өмірдің барысында, кейінірек өз мүмкіншілігімен адамдарға әсер ете білу.*




*Шаманизм – кейбір адамдардың аруақтармен қатынас жасау мүмкіндігіне сену арқылы, сол аруақтар арқылы адамдардың ауруын емдеу, жақсы аңшылықты қамтамасыз ету, қай жұмысы болса да алға бастыру, жауын жауғызу сияқты әрекеттер жасау.*



**Анимизм** – айналадағы көзге көрінбейтін заттардың тіршілік ететініне, табиғаттан тыс елестердің - жандар мен аруақтардың әрекет өмірлеріне сену. Міне, осы құбылыстарды алғашқы қоғамдық құрылыстың кезінде діни сенімдер деп олар әр қилы және әртүрлі мәнде болады деп түсіндіреді. Солай бола тұра, оларға ортақ нәрсе – айналадағы нақты дүниенің үстінен бір күштің үстемдік етуін жоққа шығара алған жоқ. Ежелгі адамның сенімінің сырын ашу үшін ғалымдарға аз еңбек ету керек болмады. Белгілі бір тарихи кезеңде құрмет тұтатын мүліктің үстінен алдамшы әрекет жасау, қатаң, нақты тәртіппен жүргізілген сияқты тылсым күш табиғаттан бөлінген жоқ. Бірте-бірте адамның санасында өзінше бөлектенген жеке күшке айналды.



*Табиғатқа табыну – әртүрлі жануарлар мен өсімдіктердің аспан денелерінің (ай, күн, жұлдыз) құдіретті күші болып сыйынған адамға жәрдемі тиеді деген сенімге келу.*





# *Ислам*

*Ислам әлемдік 3 діннің соңғысы болып есептеледі. Милади жыл санауы бойынша 610 жылы Аллаһтың елшісі және пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.с.) Аллаһ тағала қасиетті Құран кітабын түсірген Араб жарты аралында (Джазирату-л-араб), Хиджаз аймағындағы жақын шығыс жерінің бозғылт тартқан құмды жерінен бастау алған. Қазіргі кезде жер шарындағы барлық тұрғындардың 1 млрд. 300 млн. астамы Ислам дінін ұстанады. Қасиетті кітабы–Құран. Бүгінгі күні Европа, Азия, Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Австралия құрлықтарында кеңінен тараған ақиқат діні–Ислам.*

# *Римдік католиктік шіркеуі*

*Католицизм (грек сөзі *katholikos*—жалпыға бірдей, әлемдік) көбінесе, Батыс және Шығыс Европада таралған (Италия, Португалия, Польша, Франция, Чехия). Оңтүстік және Солтүстік Америка елдерінің көпшілігі ұстанады. 1 млрд. астам дінге сенушілер католицизмді ұстанады. Католицизмнің Ватикан—біртұтас халықаралық орталығы бар. Ватиканның Конституциясына сәйкес жоғары заң шығарушы, атқарушы және сот билігі Рим Папасына берілген. Католицизмде монахтық немесе «рыцарлық» деп аталатын орденінің әсері зор (900 мыңға жуық монахтар мен монах әйелдер бар).*

# Иудаизм

Иудаизмнің алғашқы сабақтары б.з.д. II мың жыл бұрын Палестина территориясында тұратын еврейлер арасында пайда болды. Б.з. д. I мың жыл бұрын политейстік нысан ретінде пайда болып иудаизм кейіннен монотеістік ұлттық дінге айналды. Иудаизм дін ретінде—еврей мәдениетінің күрделі бөлігі. Ол осы қағидаларға негізделген: Яхве бір құдайды қабылдау, еврейлер— құдайдың таңдауы түскен халық, барлық тірілерді және өлілерді сынайтын, ал Яхве сенетіндерді қасиетті жерге әкелетін Мәсихке сену; Көне Өсиетке—«Бес кітаптық, Киелі кітаптарға» (Танаха) және Талмудқа сену. Діни гибадатханасы—Синагога.

# Буддизм

*Буддизм—әлемдік үш діннің ішіндегі ең ежелгісі. Ол б.з.б. VI-V ғ.үнді мәдениетінің көпжасырлық діни-философиялық дәстүрінің негізінде құрылды. Буддизмнің негізін қалаушы Солтүстік Үндістанда Гималай тауының етегінде дүниеге келген Сиддхартха Гаутама болды. Негізінен буддизм Непалда, Шри-Ланкада, Мьянмеде, Таиландта, Лаоста, Вьетнамда, Тайванда, Моңғолияда, Оңтүстік Кореяда, Сингапурде, Брунеде, Малайзияда, Индонезияда таралған. 1990 ж. басында буддистердің 99,5 % Азияда, қалғандары Америка мен Еуропада өмір сүрді. Әлемде 700 млн. жуық буддистер бар. Қасиетті кітабы—Трипитака.*

# *Протестантизм*

*Протестанттық (латын сөзі protestants— қарсы келуші, келіспейтін)—XVI ғасырда қалыптасқан, Солтүстік және Батыс Европада, АҚШ, Канадада таралған христиан дініндегі 3-ші ағым. Қазіргі күнде әлемде 332 млн. протестанттар бар, олар лютерандар, адвентистер, пресвитериандар, методистер, англикандар және басқалары құрайды.*

*Протестанттық негізінен католицизмнің маңызды ұстанымдары мен ұғымдарын терістеу барысында қалыптасты.*



# *Орыс православие шіркеуі*

*Христиан діні—өзінің 2 мыңжылдық тарихында үш негізгі: православие, католик және протестанцизм тармақтарына бөлінген әлемдік үш діннің бірі. Бүгінгі православие—9 патриархтың (Александрлық, Антиохскилік, Болгарлық, Грузиндік, Иерусалимдік, Константинопольдік, Мәскеулік, Румыниялық, Сербтік), 3 автокефальді архиепископтың (Албандық, Кипрлік, Эладтық) және 3 митрополийдің (Американдық, Поляктік, Чехославакиялық) 150 млн. астам дінге сенушілерін біріктіретін негізгі конфессиялардың бірі. Орыс православие шіркеуі—ірі Автокефальді православтік шіркеу. Русегі христиандықтың басталуының ресми датасы 988 жыл. ОПШ құдайға славян тілінде құлшылық етеді, уағыздарын орыс тілінде және басқа да халықтардың тілінде оқиды. ОПШ басшысы Мәскеулік Патриарх және Русь Всеясы болып табылады, резиденциясы Мәскеуде.*

# *Атеизм*

*Атеизм (қазіргі ғылымда–позитивизм; автор Б. Тажибаев)–діни нанымдарға күдік пайда болып, құдайсыздардың көбейе түсуі, дін дүниетанымның бір нысанына айналғанда, оған қарсы дүниетаным–атеизм қалыптасты. (Ксенофон, Эпикур: «құдайға сену–қорқыныштан және адамдардың шарасыздығынан»; К. Маркс: «дін дегеніміз халықтың басын айналдыратын апын»; В. Ленин осы теорияны жалғастырушы, дінмен бірге философияның идеалистік бағытына қарсы шығып, ЖОО «ғылыми атеизм» пәні оқытылып, кеңестер дүниежүзіндегі тұңғыш және соңғы атеистік мемлекетке айналды;).*

*Өмірде әркімнің өз көзқарасы болуымен қатар, өзгелердің сенімдерін де құрметтей білуді үйрену керек, сондықтан көптеген елдерде адамшылық– демократиялық құндылықтардың бірі ретінде ар-ождан бостандығы, діни ымырашылдық, толеранттық жарияланған.*

# *Дін және саясат*

*Барлық дін жүйелерінің саясатпен тығыз байланысы бар. Афина тираны Критий (б.з.д 403 ж. өлген) дін адамдарды жақсы басқару үшін билік иелерінің ойлап тапқан дүниесі деп санаған. А. Македонский өзін Египет құдайы Амонның баласымын деп жариялаған. Атеизмнің позициясы біртіндеп нығайып, қоғамның секуляризациялануына (зайырлы) қолайлы жағдайлар қалыптаса бастады. Қоғамдық қатынастарды қайта құру көбіне дінге қарсы ұрандармен жүргізілді. Дін мен саясат адамзаттың барлық ғұмырында тығыз байланыста болды.*



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА**



**РАХМЕТ!**

KINOPOISK.RU  
risovach.ru